

	«С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3 18 беттің 1 беті

Бекітілді
Басқарма шешімімен
«17» шілде 2026 ж № 14

**«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ профессор – оқытушылар
 құрамының педагогикалық жүктемесі туралы
 ЕРЕЖЕ**

Қолдану мерзімі «17» шілде 2026 ж.бастап «17» шілде 2031 ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Қолданыстағы ✓ Ескірген
Алдыңғы ескірген құжат: Академиялық комитет отырысы «25» тамыз 2022ж №12	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы 	Код № Көшірме № Дана №

Алматы – 2026 ж.

	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3
			18 беттің 2 беті

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Лахов С.В. (и.о Искаков С.С.)	Согласовано	10.07.2026, 16:40:20	Без замечаний	
Датхаев Убайдилла Махамбетович	Согласовано	13.07.2026, 11:39:19	Без замечаний	
Султангазиева Светлана Елеусизовна	Согласовано	13.07.2026, 09:27:07	Без замечаний	
Лахов Сергей Владимирович	Согласовано	10.07.2026, 11:30:49	Без замечаний	
Ахмет Абай Нұржанұлы	Согласовано с замечанием	10.07.2026, 11:29:27	отсутствует проект решения, прошу дополнить !	
Дадамбаев Айбек Екпинбекович	Согласовано с замечанием	10.07.2026, 16:34:05	В проекте решения наименование университета не соответствует Уставу.	
Тусупбекова Сандугаш Кайраткызы	Согласовано	13.07.2026, 14:16:52	Без замечаний	
Шермет Шерзат Розметұлы	Согласовано	13.07.2026, 10:10:20	Без замечаний	
Даутбаев Еркен Кәрімұлы	Согласовано	13.07.2026, 11:46:58	Без замечаний	
Елгондина Гулден Базарбаевна	Согласовано	13.07.2026, 14:07:38	Без замечаний	
Абылгазина А.Е. (и.о Нагасбекова Б.С.)	Согласовано	10.07.2026, 16:50:08	Без замечаний	
Сартаева З.А. (и.о Жугинисова М.М.)	Согласовано	10.07.2026, 13:38:57	Без замечаний	
Шамсутдинова Альфия Гумаровна	Согласовано	10.07.2026, 11:45:41	Без замечаний	
Жангирбаев Марат Турсынханович	Согласовано	10.07.2026, 16:37:24	Без замечаний	
Султангазиева С.Е. (и.о Фахрадиев И.Р.)	Согласовано	10.07.2026, 11:16:35	Без замечаний	
Калматаева Жанна Амантаевна	Подписано	14.07.2026, 11:27:51	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, КАЛМАТАЕВА ЖАННА, Некоммерческое акционерное общество "Казакский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова", BIN181240006407



	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ		
	НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3 18 беттің 3 беті

Мазмұны

1. Қолдану саласы.....	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	4
3. ПОҚ педагогикалық жұмысын жоспарлау	5
4. ПОҚ оқу жүктемесі.....	7
5. Оқу жүктемесінің көлемін есептеу (бұдан әрі-сағатты есептеу).....	8
6. Оқытушылар бойынша оқу жүктемесін бөлу.....	9
7. Есептілік және орындалатын оқу жүктемесін бақылау.....	10
8. Әдістемелік жұмыс бойынша ПОҚ жүктемесі	10
9. Ғылыми жұмыс бойынша ПОҚ жүктемесі	11
10. Клиникалық жұмыс бойынша ПОҚ жүктемесі.....	13
11. Білім алушыларды әлеуметтендіру бойынша ПОҚ жүктемесі.....	14
12. ЖЖОКБҰ корпоративтік басқару жүйесіне қатысу және мүдделі тараптармен өзара байланыс бойынша профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) жүктемесі.	16
13. Оқытушының жеке жұмыс жоспарын толтыру тәртібі.....	16
14. Өзгерістерді тіркеу парағы.....	17
15. Танысу парағы.....	18

	«С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3
			18 беттің 4 беті

1. Қолдану саласы

1. «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесі туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) ашықтық пен айқындық негізінде профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін басқару үдерісін оңтайландыру мақсатында әзірленді және «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау, бөлу, мониторингтеу және есепке алуды жүзеге асыру кезіндегі іс-қимылдардың бірыңғай тәртібінің қағидаттары мен рәсімдерін айқындайды.
2. Осы Ереже академиялық кеңеспен келісуге және «ҚазҰМУ» КЕАҚ Басқармасының шешімімен бекітуге жатады.
3. Осы Ережені қолдану жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру және түпкілікті нәтижелердің сапасы үшін проректорлар, мектеп/факультет декандары, магистратура және докторантура бөлімінің басшысы, кафедра меңгерушілері жауапты болады
4. Бұл Ереже «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ барлық құрылымдық бөлімшелерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер

5. Осы Ереже төмендегі негізінде әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;
- 2) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI кодексі;
- 3) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;
- 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары;
- 5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 6) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;
- 7) «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы;
- 8) «Клиникалық база, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйым клиникасы, университеттік аурухана, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту

	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ		
	НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3 18 беттің 5 беті

туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығы;

9) «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығы;

10) «Медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығы;

11) «Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасына сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сарапшылар мен бейінді мамандарды тарту қағидаларын, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-103/2020 бұйрығы;

12) «Клиникалық хаттамаларды әзірлеу және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-188/2020 бұйрығы;

13) «Жедел медициналық көмек көрсету, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып, оның қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығы;

14) «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы;

15) «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы.

3. ПОҚ педагогикалық жұмысын жоспарлау

6. Университеттің ПОҚ лауазымдары «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес айқындалады: ассистент, лектор, профессор ассистенті, профессор, кафедра меңгерушісі.

	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ		
	НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3 18 беттің 6 беті

7. Университеттің ПОҚ педагогикалық жүктемесінің жалпы көлемі мыналарды орындаудан тұрады:

- 1) Оқу (аудиториялық) жұмысы;
 - 2) Ғылыми жұмыс;
 - 3) Ғылыми-әдістемелік жұмыс;
 - 4) Білім алушыларды әлеуметтендіру бойынша жұмыстар;
 - 5) Корпоративтік басқаруға қатысу және стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу.
8. Педагогикалық жүктеме көлемін жоспарлау осы Ережемен реттеледі.
9. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес профессор-оқытушылар құрамының қызметкерлері үшін аптасына 40 сағат жұмыс уақытының ұзақтығы белгіленеді. Жұмыс уақыты шеңберінде профессорлық - оқытушылық құрам қатарындағы қызметкерлер атқаратын лауазымы бойынша оқу кестесімен және жеке жоспарларымен белгіленген жұмыстардың барлық түрлерін жүргізуі тиіс.
10. Толық мөлшерлемеді жұмыс істейтін және толық лауазымдық жалақы алатын университеттің құрылымдық бөлімшесінің штатына кіретін оқытушының педагогикалық жүктемесінің жалпы көлемі мереке күндерін (44 апта x 40 сағат = 1760 сағат) ескере отырып, алты сағаттық жұмыс күні негізінде жылына 1760 сағаттан аспауы тиіс. Бұл талап сонымен қатар шығармашылық демалыстағы, университет басшылығының тапсырмасы бойынша ұзақ іссапардағы және оқытушылық қызметтен қол үзіп, біліктілікті арттыру/академиялық мобильділіктегі оқытушыларға да қатысты. Көрсетілген жағдайларда оқытушының жеке жоспарының құрылымы өзгереді, бірақ жалпы жұмыспен қамту жылына 1760 сағат болуы тиіс.
11. Университеттегі педагогикалық жүктеме қоса ақарушылықты қоса, штаттық оқытушыларға жүктеледі. Бұл ретте қоса атқарушылық бойынша жұмыс істейтін оқытушылар тек оқу жүктемесін алатын мөлшерлемеге пропорционалды көлемде орындайды.
12. Педагогикалық жүктемені есептеу, жеке бөлу және орындау көлемін анықтайтын және бақылайтын құжаттама:
- 1) Осы Ереже;
 - 2) Пәндер бойынша оқу жүктемесінің жалпы көлемін есептеу;
 - 3) Кафедралардың штаттық кестесі;
 - 4) ПОҚ жеке жоспары.
13. Теориялық (базалық) кафедралар үшін ПОҚ толық педагогикалық жүктемесі – бір оқу жылына 1760 сағатты құрайды, оның ішінде:

	«С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»						
	Академиялық жұмыс департаменті		Педагогикалық жүктеме туралы ереже			Редакция: 3	
						18 беттің 7 беті	

1-кесте

№	Лауазымы	Оқу жұмысы (сағат)	Ғылыми жұмыс (сағат)	Әдістемелік жұмыс (сағат)	Білім алушылардың әлеуметтендіру (сағат)	ЖЖОКБҰ корпоративтік басқару жүйесіне қатысу және стейкхолдерлермен байланыс (сағат)	Барлығы (сағат)
Теориялық (базалық) кафедра							
1	Ассистент	680	300	250	400	130	1760
2	Дәріскер, профессордың ассистенті	680	300	250	400	130	1760
3	Қауымдастырылған профессор	650	400	350	210	150	1760
4	Профессор	600	500	300	150	210	1760
5	Кафедра меңгерушісі	550	500	300	150	260	1760

14. Клиникалық кафедралар үшін ПОҚ-ның толық педагогикалық жүктемесі – бір оқу жылына 1760 сағатты құрайды, оның ішінде:

1-кесте

№	Лауазымы	Оқу жұмысы (сағат)	Ғылыми жұмыс (сағат)	Әдістемелік жұмыс (сағат)	Білім алушылардың әлеуметтендіру (сағат)	Клиникалық жұмыс (сағат)	ЖЖОКБҰ корпоративтік басқару жүйесіне қатысу және стейкхолдерлермен байланыс (сағат)	Барлығы (сағат)
Клиникалық кафедра								
1	Ассистент	680	250	100	400	250	80	1760
2	Дәріскер, профессордың ассистенті	680	300	200	250	250	80	1760
3	Қауымдастырылған профессор	650	350	300	110	250	100	1760
4	Профессор	600	400	300	110	250	100	1760
5	Кафедра меңгерушісі	550	400	200	100	250	260	1760



«С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»

Академиялық жұмыс департаменті

Педагогикалық жүктеме туралы ереже

Редакция: 3

18 беттің 8 беті

4. ПОҚ оқу жүктемесі

1) ПОҚ бір оқу жылына оқу жүктемесі - 680 аудиториялық сағатты (МВА қоспағанда) құрайды:

№	Білім деңгейлері	оқу жылы үшін
1	Бакалавриат	680
2	Интернатура	680
3	Резидентура	680
4	Магистратура	680
5	МВА/ЕМВА бірлескен ББ үшін	350
6	Докторантура	680

5. Оқу жүктемесінің көлемін есептеу (бұдан әрі-сағатты есептеу)

15. Қажетті шарттар.

1) Оқу жұмыс жоспарларының бірыңғай базасын құру;

2) ЖОО өткізілетін пәндердің бірыңғай базасын қалыптастыру, оларды кафедраларға байланыстыру;

3) Құрылған жүктемені есептеу стандарттарына сәйкестікті белгілеу;

4) Білім алушылар контингентінің бірыңғай базасын өзектендіру.

16. Белгіленген мерзімдерге сәйкес:

1) АЖД оқу-әдістемелік бөлімі жұмыс оқу жоспарларын ұсынады;

2) Студенттік кеңсе білім алушылар контингентін ұсынады;

3) АЖД бекітілген: орташа педагогикалық жүктемені, уақыт нормаларын және жүктемені азайту туралы бұйрықты ұсынады;

4) ОПЖОҮБ студенттік топтардың саны туралы мәліметтерді ұсынады.

17. Сағаттарды есептеу ААЖ білім деңгейлері мен кафедралар бойынша оқу жылына жүргізіледі.

18. Сағаттарды есептеуді Экономика және жоспарлау департаментінің ЕАҚ жоспарлау және штат кестесі бөлімінің маманы басылған түрде кафедраларға жеткізеді.

Нысан

20__ - 20__ оқу жылына *бакалавриат бойынша* сағаттарды есептеу
Кафедралар _____

[illegible]

	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ		
	НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3 18 беттің 9 беті

3																			
4																			
БАРЛЫҒЫ																			

Сағат барлығы: _____

ПОҚ орташа оқу жүктемесі: _____

Сағаттық төлем: _____

Төмендетілген жүктеме: _____

ПОҚ негізгі жүктемесі: _____

Штат бірліктерінің саны: _____

19. ЭЖД сағат есебінен кафедра оқытушыларының штаттық кестесін жасайды. Университет ПОҚ штат кестесі белгіленген тәртіппен бекітіледі және оқу жүктемесін бөлу үшін кафедраларға беріледі.

20. Контингент өзгерген кезде оқу жүктемесін есептеуге өзгерістер енгізу және түзету:

Кафедралардың сағат көлемін түзету мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) Қосымша жаңа қабылдау жағдайында (білім алушыларды қабылдау, академиялық демалыстан шығу және т.б.);
- 2) Контингент қозғалысы (білім алушыларды оқудан шығару, академиялық демалысқа шығу);
- 3) Бакалаврлардың дипломдық жұмыстарын бекіту (кафедралардың басшылары бойынша сағаттарды есептеу);
- 4) Магистранттардың/докторанттардың ғылыми басшыларын бекіту
- 5) Кафедраларды қайта құрылымдау кезінде және басқа жағдайларда.
- 6) Техникалық қателік.

21. Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау кредиттердің бірыңғай көлемімен жүзеге асырылады, яғни әрбір пәнге берілетін кредиттердің жалпы саны оны зерделеуді де, даярлауды да, осы пән бойынша аралық аттестаттау нысандарынан өтуді де қамтиды.

6. Оқытушылар бойынша оқу жүктемесін бөлу.

22. ПОҚ жүктемесін лауазымына қарай кафедра меңгерушісі бөледі және кафедра кеңесінде **(айына 170 сағаттан аспайды) бекітеді**. Қоса атқарушылар үшін (оның ішінде сағаттық жалақымен) **айына 80 сағаттан аспайды**, резидентура мен интернатурадағы клиникалық тәлімгерлер, менторлар (медбикелер) үшін айына **170 сағаттан аспайды**.

23. Хаттамамен ресімделген кафедра отырысының шешімі бойынша кафедра сағаттарының жалпы көлемін өзгертпестен кафедра оқытушылары арасында оқу жүктемесін ішкі қайта бөлуге жол беріледі. Қайта бөлу басқа жұмыс түрлерінің (мысалы, Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары немесе т.б.) тиісті көлемінің ұлғаюымен бір оқытушыға практикалық сабақ сағаттарының көлемін азайтуды көздеуі мүмкін. Мұндай қайта бөлудің жалпы көлемі **оқу жылы ішінде 100 сағаттан аспауға тиіс**.

	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3
			18 беттің 10 беті

24. Оқу жүктемесі оқытушының оқу жылына арналған жеке жұмыс жоспарына енгізіледі.

7. Есептілік және орындалатын оқу жүктемесін бақылау.

25. Педагогикалық жүктеменің орындалуы туралы есеп кафедралардың жылдық есептерінде көрсетіледі және деканаттарға ұсынылады.

26. Сабақ кестесі бойынша сабақтар өткізуді мониторингтеу мақсатында ОПЖОУБ Оқу сабақтарына мониторинг жүргізу регламентіне сәйкес сабақтарға жүйелі тексеру жүргізеді.

27. Орындалатын оқу жүктемесін бақылау мақсатында университет бойынша жұмыс тобы құрылады.

8. Әдістемелік жұмыс бойынша ПОҚ жүктемесі

№	Атауы	Саны	Сағат	Растау
1.	АК/БББ комитеті/СҚК мүшелігі	-	250	Бұйрық/өкім
2.	Меңгерушілердің жұмысы	-	300	Кафедра меңгерушісі бекіткен құжаттар
3.	Білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу	1 дана	1 адамға 200 сағат	ББ тізіліміне енгізу
4.	Силлабус пәндері (әзірлеу)	1 дана	1 адамға 50 сағат	Силлабус
5.	Силлабусқа толықтырулар мен өзгерістер әзірлеу (№2 нысан)	1 дана	50	Кафедра меңгерушісі бекіткен құжаттар
6.	Әдістемелік құжаттаманың қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасы	50 бет	50	Кафедра меңгерушісі бекіткен құжаттар
7.	Әдістемелік құжаттаманы ағылшын тіліне аудару	50 бет	50	Кафедра меңгерушісі бекіткен құжаттар
8.	Тест тапсырмаларын әзірлеу	50 тапсырма	50	Кафедра меңгерушісі бекіткен құжаттар
9.	Емтихан билеттерін әзірлеу	50 билет	100	Кафедра меңгерушісі бекіткен құжаттар
10.	Силлабусқа сәйкес дәрістер әзірлеу	1 тақырып	100	Кафедра меңгерушісі бекіткен құжаттар
11.	Интерактивті және/немесе бейне-дәрісті әзірлеу және енгізу	1 тақырып	150	Енгізу актісі
12.	Тәжірибелік сабақтарды жүргізудің интерактивті және белсенді нысандарын әзірлеу және енгізу	1 тақырып	150	Енгізу актісі
13.	ҒЖБМ, ДСМ және/немесе РОӘК ұсынған оқу әдебиеттерін басып шығару	1 атауы	400	РОӘК ОӘБ үзінді көшірмесі

	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3
			18 беттің 11 беті

14.	ҚазҰМУ деңгейінде бекітілген оқу әдебиеттерін шығару	1 атауы	1 адамға 300 сағат	Ғылыми кеңестің хаттамасынан үзінді
15.	Цифрлық платформаларда білім беру ресурстарын әзірлеу	1 ресурс	1 адамға 200 сағат	Академиялық кеңестің хаттамасынан үзінді

9. Ғылыми жұмыс бойынша ПОҚ жүктемесі

№	Жұмыс түрлері	Саны	Сағат*	Растайтын құжаттар
1.	Халықаралық ғылыми жобаға басшылық жасау	1	200	Бұйрық /шарт / жоба бағдарламасы / күнтізбелік жоспар /есеп
2.	ҚР ҒЖБМ, ҚР ДСМ және басқа да министрліктер мен ведомстволардың гранттық қаржыландыруы шеңберіндегі ғылыми жобаларға жетекшілік ету	1	150	Бұйрық /шарт / күнтізбелік жоспар /есеп
3.	ЖОО ішіндегі қаржыландыру гранты бойынша ғылыми жобаға басшылық жасау	1	100	Бұйрық /хаттама / жоба бағдарламасы / есеп
4.	Халықаралық ғылыми және ғылыми-білім беру жобаларына қатысу	1	100	Бұйрық /хаттама / жоба бағдарламасы /есеп
5.	ЖОО ішіндегі қаржыландыру гранты бойынша ғылыми жобаға қатысу;	1	100	Бұйрық /хаттама / жоба бағдарламасы /есеп
6.	ҚР ҒЖБМ, ҚР ДСМ және басқа да министрліктер мен ведомстволардың гранттық қаржыландыруы шеңберіндегі ғылыми жобаларға қатысу	1	75	Бұйрық / жоба бағдарламасы / есеп
7.1.	ҚР ДСМ және ҚР ҒЖБМ конкурстары шеңберінде ғылыми жобаларға ғылыми сараптама және рецензия жүргізу	1	30	Сараптамалық қорытынды/ пікір/ бұйрық/ конкурс ұйымдастырушысының хаты
7.2.	PhD диссертациясына рецензия (пікір) дайындау.	1	25	Пікір/ қорытынды/ хаттамадан үзінді

	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3
			18 беттің 12 беті

7.3.	Монографияға рецензия (пікір) дайындау.	1	20	Пікір/ қорытынды/ хаттамадан үзінді
7.4.	Жергілікті биоэтика комиссиясында сараптама жүргізу	1	15	ЖБК қорытынды/ хаттама/ отырыс хаттамасынан үзінді
8.	Халықаралық ғылыми конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге баяндамалармен қатысу	1	50	Бұйрық/бағдарлам а/ сертификат
9.	Республикалық ғылыми конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге баяндамалармен қатысу	1	40	Бұйрық/бағдарлам а/ сертификат
10.	Халықаралық ғылыми конференцияларда тезистерді жариялау	1	40	Тезис жинағы /бағдарлама
11.	Республикалық ғылыми конференцияларда тезистерді жариялау	1	30	Тезис жинағы /бағдарлама
12.	Халықаралық ғылыми журналдардың редакциялық алқаларына қатысу	1	80	Бұйрық/ редакцияның хаты/ журналдың беті/ хаттамадан үзінді
13.	Қазақстандық ғылыми журналдардың редакциялық алқаларына қатысу	1	50	Бұйрық/ редакцияның хаты/ журналдың беті/ хаттамадан үзінді
14.	Студенттік ғылыми ұжымды (үйірме, зертхана, топ) басқару	1 ұжым	100	Бұйрық/бағдарлам а
15.1 .	Өнертабысқа патент беру туралы берілген өтінім	1 өтінім	50	Өтінім/тіркеу нөмірі/өтінімнің қабылданғанын растау туралы құжат.
15.2 .	Пайдалы модельге патент алуға берілген өтінім.	1 өтінім	30	Өтінім/тіркеу нөмірі/өтінімнің қабылданғанын растау туралы құжат.
15.3 .	Авторлық куәлік алуға берілген өтінім	1 өтінім	20	Өтінім/тіркеу нөмірі/өтінімнің

	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3
			18 беттің 13 беті

				қабылданғанын растау туралы құжат.
16.1	Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларында индекстелетін Q1–Q2 халықаралық ғылыми басылымдарында жарияланған ғылыми еңбектер	1 мақала	200	Жарияланым / DOI немесе URL / индекстелуі туралы мәліметтер
16.2	Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларында индекстелетін Q3–Q4 халықаралық ғылыми басылымдарында жарияланған ғылыми еңбектер	1 мақала	150	Жарияланым / DOI немесе URL / индекстелуі туралы мәліметтер
17.	Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган ұсынған қазақстандық басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер	1 мақала	70	Жарияланым / DOI немесе URL / журналдың тізбеге енгізілгені туралы мәліметтер
18.	Монография жазу және басып шығару	1 монография	200	Монография / ISBN / Ғылыми кеңестің шешімі немесе баспаның шешімі
19.	Scopus және/немесе Web of Science дерекқорларында индекстелетін халықаралық ғылыми басылымдағы жарияланымды рецензиялау.	1 рецензия	50	Баспаның растауы/ рецензия/ reviewer certificate
20.	Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган ұсынған қазақстандық ғылыми басылымдағы жарияланымды рецензиялау	1 рецензия	30	Баспаның растауы/ рецензия
21.1	Қазақстан Республикасында өткен республикалық және халықаралық конференциялар мен конкурстарға қатысушы студенттерді дайындау	1	50	Бұйрық / бағдарлама / сертификат / қатысуды растайтын құжат / есеп
21.2	Шетелде өткізілетін конференциялар мен конкурстарға қатысушы студенттерді даярлау	1	80	Бұйрық / бағдарлама / сертификат / қатысуды растайтын құжат / есеп

	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3
			18 беттің 14 беті

22.	Ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу	1	40	Енгізу актісі / силлабус / пәннің жұмыс оқу бағдарламасы / хаттамадан үзінді
23.	Қазақстанда және шетелде сертификат ала отырып ғылыми тағылымдамадан өту	1	50	Бұйрық / сертификат / есеп / тағылымдама бағдарламасы
24.	Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn жаппай ашық онлайн курстар платформаларында кәсіби қызметке қатысты шет тіліндегі курстардан өту.	1	30	Сертификат / курс бағдарламасы

Ескертпе: егер көрсетілген жұмыс түрі оқу үдерісіне/оқу бағдарламасына 40 сағатқа енгізілсе, кестеде көрсетілген жұмыстардың әрбір түрі үшін арттыру коэффициентін қолдану.

10.Клиникалық жұмыс бойынша ПОҚ жүктемесі

№	Жұмыс түрлері	Сағат	Растайтын құжаттар
1.	Науқастарды курациялау	50	Клиникалық жұмыс туралы есеп
3.	Жоспарлы аралау (жүргізу)	20	Клиникалық жұмыс туралы есеп
4.	Қабылдау	60	Клиникалық жұмыс туралы есеп
5.	Клиникалық талдау (сарапшы ретінде қатысу)	30	Клиникалық жұмыс туралы есеп
6.	Консилиумдар	20	Клиникалық жұмыс туралы есеп
8.	Кеңес беру	100	Клиникалық жұмыс туралы есеп
9.	Ауру тарихына рецензия	60	Клиникалық жұмыс туралы есеп
10.	Патологоанатомиялық зерттеу	50	Клиникалық жұмыс туралы есеп
11.	Зерттеулерді түсіндіру (УДЗ, КТ, МРТ және т.б.)	50	Клиникалық жұмыс туралы есеп

Ескертпе: ПОҚ клиникалық жұмысы «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ клиникалық пәндер кафедраларының ПОҚ клиникалық жұмысы бойынша бекітілген Ереженің 1-4-қосымшасының нормативімен (қызметтер саны) реттеледі (Басқарманың 19.07.2024 ж. № 22 шешімі)

Жылына 250 сағаттан асқан жағдайда, асыра орындау KPI ескеріледі.

11.Білім алушыларды әлеуметтендіру бойынша ПОҚ жүктемесі

	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3
			18 беттің 15 беті

№	Жұмыс түрлері		Сағат	Растайтын құжаттар
1.	Топ кураторының (эдвайзердің) жұмысы	1-3 топтар	100 сағат	Бұйрық/бағдарлама
1.1	Деректер базасымен жұмыс	1-3 топ	15 сағат	Толтырылған деректер туралы есеп
1.2	Студенттермен жұмыс (тәрбие жұмысы, жеке және топтық)	1-3 топ	35 сағат	Растайтын деректері бар есеп
1.3	Мансаптық кеңес беру және түлектерді бөлу	1 топ	15 сағат	Растайтын деректері бар есеп
1.4	Жатақханада тұратын студенттермен жұмыс	1-3 топ	15 сағат	Растайтын деректері бар есеп
1.5	Жатақханадағы кезекшілік	2	10 сағат	Акт
1.6	Әкімшілік қызмет және есептілік	1	10 сағат	Есеп
2.	Республика деңгейінде тәрбие жұмысы жүйесін дамыту және жетілдіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру (семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б.)	11	40	Бұйрық/бағдарлама
3.	Кафедра деңгейінде тәрбиелік сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру	10	20	Бұйрық/бағдарлама
4.	Факультет деңгейінде тәрбиелік сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру	10	30	Бұйрық/бағдарлама
5.	Студенттерді өңірлік, республикалық, халықаралық шығармашылық конкурстарға, спорттық іс-шараларға қатысуға дайындау	8	40	Бұйрық/бағдарлама
6.	Жатақханада жыл бойы кесте бойынша кезекшілік (1 кезекшілік үшін)	1	10	Бұйрық/кесте
7.	Жетекшілік ететін топпен әр түрлі тәрбие іс-шараларына қатысу (театр, музей, концерттер және т.б.)	3	15	Бұйрық/билет

12. ЖЖОКБҰ корпоративтік басқару жүйесіне қатысу және стейкхолдерлермен байланыс бойынша ПОҚ жүктемесі

№	Жұмыс түрлері	Сағат	Растайтын құжаттар
1.	Алқалы органдардың жұмысына тұрақты мүшелер ретінде қатысу (БББК, СҚК және т.б.)	30	Бұйрық, хаттамалар
2.	1 сан үшін проктор ретінде жұмыс (емтихандарда кезекшілік)	15	Бұйрық/өкім

	«С.ЖАСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Педагогикалық жүктеме туралы ереже	Редакция: 3
			18 беттің 16 беті

3.	Тәртіптік кеңес мүшесі	30	Бұйрық
4.	Тәртіптік кеңесті басқару	50*	Бұйрық
5.	Тәртіптік кеңес хатшысы	40*	Бұйрық
6.	Кеңесші органдарға, имидждік іс-шараларға (конференцияларға, отырыстарға, форумдарға және т.б. ұйымдастыру және/немесе қатысу) қатысу	120	Бұйрық, бағдарлама және т.б.

Бұйрыққа сәйкес төленеді

13. Оқытушының жеке жұмыс жоспарын толтыру тәртібі

28. Оқытушының жеке жоспары мен есебі белгіленген нысандағы журналда ресімделеді.

29. Оқытушы барлық бөлімдер бойынша осы Ереженің талаптарына сәйкес жеке жоспарды уақтылы, дұрыс және ұқыпты жасауға және толтыруға міндетті.

30. Жеке жоспар бөлімдер бойынша толтырылады, жұмыстың барлық түрлері нақты тұжырымдалуы, есептілік нысаны және жұмсалған уақытты көрсете отырып, орындалу мерзімі болуы тиіс.

31. «Оқу жұмысы» бөлімін оқытушы оқу жүктемесін есептеуге қатаң сәйкестікте толтырады. Жеке жоспардың барлық басқа бөлімдері кафедраның жоспарлы тапсырмаларына сәйкес толтырылады.

32. Толық уақытты жұмыс істейтін әрбір оқытушы жұмыстың барлық түрлері бойынша жылына толық педагогикалық жүктемені орындауға міндетті.

33. Барлық оқытушылардың жеке жоспарларының сақталуына жауапкершілік кафедра меңгерушісіне жүктеледі.

34. Әрбір оқу семестрі/жылы аяқталғаннан кейін ПОҚ-ның жеке жұмыс жоспарының орындалуын бақылау кафедра меңгерушісіне жүктеледі.

35. Жеке жоспар бойынша жұмыс қорытындысы бойынша әрбір оқытушы кафедра отырысында жылына 2 рет-семестр соңында есеп береді. Кафедра меңгерушісінің оқытушының жұмысы туралы қорытындысы кафедра отырысының хаттамаларында және оның кафедрада сақталатын жеке жоспарында жазылады.

36. Жұмыстың барлық түрлерін орындау қорытындыларын шығару оқу жылы аяқталғаннан кейін кафедра отырысында жүзеге асырылады. Жоспарланған жұмыс түрлерін толық көлемде орындамаған және орындамаудың объективті себептерін растайтын негіздемелер ұсынбаған оқытушыларға еңбек заңнамасына және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шаралар қолданылуы мүмкін.



«С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»

Академиялық жұмыс департаменті

Педагогикалық жүктеме туралы ереже

Редакция: 3

18 беттің 17 беті

14. Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]



Педагогикалық жүктеме туралы ереже

Редакция: 3
18 беттің 18 беті

[illegible]

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
заседания Правления
НАО «Казахский национальный медицинский университет
имени С.Д. Асфендиярова»

г. Алматы

№14

17 июля 2026 года

Полное наименование: Некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова».

Местонахождение: г. Алматы, ул. Толе би, 94.

Место подсчета голосов:

Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, улица Толе би, 94.

Форма проведения заседания: очная.

Кворум для принятия решения имеется.

Вопрос повестки дня:

2. Об утверждении Положения о педагогической нагрузке профессорско-преподавательского состава КазНМУ.

По вопросу повестки дня, в соответствии с подпунктом 10) пункта 91 Устава, на основании подпункта 9) п. 12 Положения Положения о Правлении, утвержденного решением Совета директоров от 20 марта 2019 года (протокол №1), **Правление РЕШИЛО:**

1. Утвердить «Положение о педагогической нагрузке профессорско-преподавательского состава НАО «КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова»».

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на проректора Калматаеву Ж.А.

Секретарь Правления



А. Ахмет